

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 21 мамырдағы N 3958. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Мемлекеттік басқару жүйесінің пәрменділігін арттыру, Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарының функцияларын нақтылау мақсатында және Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі оның:

Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган ретінде Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне;

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитетіне;

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетіне бөлу жолымен қайта құрылсын;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне Алкоголь өнімін өндіру мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеттің, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеттің, Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменттің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктерін беру жолымен қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігін Төраға - Қазақстан Республикасының Министрі басқарады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір ай мерзімде осы Жарлыққа сәйкес жаңадан құрылған және қайта құрылған мемлекеттік органдар туралы ережелерді бекітетін болсын;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қолдансын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ